

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

стратегиялық тәсілді қажет етеді. Бұл нарықты, технологияны және тұтынушылардың қажеттіліктерін, сондай-ақ өзгермелі жағдайларға тез бейімделу қабілетін терең түсінуді талап етеді. Қазіргі орын алып жатқан тәуекелдердің салдарымен күресуде және алдын алуда жоғарыда аталып өтілген стратегиялық бағыттарды ұстану ұсынылады.

Қазіргі таңда инновацияларды қолдау және олармен байланысты тәуекелдерді басқару үшін Қазақстанның зерттеулер мен әзірлемелерге, білім мен инфрақұрылымға инвестиция салуды жалғастыруы маңызды. Сонда ғана еліміз диверсиялық инновацияларды ұсынатын мүмкіндіктерді толық пайдалана алады және болашақта тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ете алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. [Электрондық ресурс] URL:
https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D1%80%D0%B8_%D0%B7%D0%B0%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D0%B0_%D0%9A%D0%BB%D0%B0%D1%80%D0%BA%D0%B0
2. Клейтон М. Кристенсен. Дилемма инноватора: как из-за новых технологий погибают сильные компании // <https://www.livelib.ru/book/1000089233-dilemma-innovatora-kak-izza-novyh-tehnologij-pogibayut-silnye-kompanii-klejton-m-kristensen>

ОӘЖ 338.28

КРЕАТИВТІ ЭКОНОМИКА-ИННОВАЦИЯНЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА ИДЕЯЛАРЫ МЕН ШЕШІМДЕР КӨЗІ РЕТІНДЕ

Сапиолдаева Балым Қайратқызы, Бағрам Тоқтар Абайұлы

balim.kairatova@gmail.com 87772272570@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD, доцент Әбенев Е.М

Қазақстан Республикасының Президенті К.К. Тоқаев өзінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында креативті экономиканы экономикалық өсумен қазіргі әлемдегі инклюзивті экономиканың даму көзі болып табылатын «шығармашылық өндіріс» ретінде атап өткен болатын.[1]

«Креативті экономика» термині 1990 жылдардың аяғы мен 2000 жылдардың басында пайда болды. Креативті экономика саласын түбегейлі зерттеген американдық ғалым Ричард Флорида креативті экономиканы дамытудың негізгі қағидасы – «3Т» қағидасы деп түсінді: технология, талант, төзімділік. Ғалым креативті классты екі топқа бөліп қарастырды: бірінші топқа экономикалық функциясы жаңа идеяларды, жаңа технологияларды қалыптастырумен байланысты және ғылым, IT, дизайн, сәулет сияқты шығармашылық салаларда қызмет ететін адамдарды жатқызса, екінші топтағы адамдар бизнес, қаржы, денсаулық сақтау сияқты аралас салаларда жұмыс істейді, осы салаларға креативті жаңалықтар қосады деп болжады.[2]

Сонымен, креативті экономика немесе білім экономикасы — интеллектуалды қызметке негізделген экономиканың ерекше секторы. Негізгі сипаттамалары:

- адам қызметінің әртүрлі салаларындағы жаңа технологиялар мен жаңалықтардың жоғары рөлі.
- белгісіздіктің жоғары дәрежесі.
- бұрыннан бар білімнің үлкен көлемі және жаңа білімді қалыптастырудың шұғыл қажеттілігі.


Қазіргі таңда креативті индустриялар көптеген елдердің экономикасын дамытудағы маңызды инновациялық бағыттарға айналууда. Жылдам қарқынмен дамып, олар өз экономикаларының өсуінің жаңа көздерін құрып қана қоймай, сонымен қатар ірі мегаполистердің эксклюзивті экожүйелерін құрып, серпінді бағыттарға назар аударады. БҰҰ Бас Ассамблеясы креативті экономика тұжырымдамасын жаһандық экономикалық күн

тәртібіне енгізе отырып, 2021 жылды Халықаралық креативті экономика жылы деп жариялаған болатын. БҰҰ қолданыстағы тәсілдеріне сәйкес шығармашылық индустрияларға 14 бағыт кіреді: дизайн, өнер, сән, кино, музыка, медиа, компьютерлік графика, білім беру және зияткерлік қызметке негізделген басқа бағыттар.

Креативті индустриялар сегментіндегі әлемдік көшбасшылар (жалпы қосылған құн көлемі бойынша) АҚШ (988 млрд доллар) және Қытай (921,6 млрд доллар) болып табылады. Кейбір мәліметтер бойынша, креативті экономика ЖІӨ-нің үлесін алады: АҚШ-4,1%, Канада-3,9%, Ұлыбритания-3,8%, Жапония — 3,3%, Франция — 3,0%, Германия — 3,0% және т. б.[3]


Креативті экономиканы дамытудағы мемлекеттің рөлі орталық болып табылады. Бұл, ең алдымен, зерттеушілер креативті экономиканың дамуын анықтайтын қолайлы экономикалық және саяси жағдайлар жасаумен тікелей байланысты.

Ал Қазақстанда «креативті экономика» ұғымы соңғы 5 жылда актуалды тақырыптардың біріне айналды. Статистикалық деректерге сәйкес Қазақстанда жалпы ішкі өнім құрылымындағы креативті индустриялардың үлесі 2020 жылдың қорытындысы бойынша 2,67% - құрады, бұл орташа әлемдік деңгейден 4% - ға төмен. 2020-2021 жылдары креативті индустриялардың экономикаға қосқан үлесі 2,7% деңгейінде тұрақты динамиканы көрсетеді. 2022 жылы бұл көрсеткіштің 0,9-ға айтарлықтай өсуі байқалады:




Сурет 1 - Қазақстан Республикасының ЖІӨ-дегі креативті индустриялар үлесінің серпіні, 2020-2022 жж. Ескерту [4] мәліметтер негізінде авторлармен құрастырылған.

Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2022 жылы креативті индустрияға 248,2 мың жұмыс істейтін заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер кірді.




Сурет 2 - 2022 жылы Қазақстан Республикасында креативті индустрияға жататын кәсіпкерлік субъектілерінің саны, мың бірлік. Ескерту [4] мәліметтер негізінде авторлармен құрастырылған.

Қазақстан Республикасындағы креативті индустрия кәсіпорындарының құрылымында 2022 жылдың деректері бойынша заңды тұлғалар арасындағы креативті индустрияның үлесі 13,8%, ал жеке кәсіпкерлер арасындағы креативті индустрияның үлесі 13,1% - құрайды.



Сурет 3 - Қазақстан Республикасындағы креативті индустрия кәсіпорындарының 2022 жылғы құрылымы, %. Ескерту [4] мәліметтер негізінде авторлармен құрастырылған.

Өңірлер бөлінісінде осы санат бойынша кәсіпкерлік субъектілерінің ең көп саны Алматы қаласында (48,0 мың субъект) орналасқан, бұл оны Қазақстанның креативті индустриясының астанасы етеді (4-сурет). Одан әрі Астана қаласы (37,5 мың субъект) және Қарағанды облысы (17,7 мың субъект) орналасқан. Рейтингтің антилидерлері жаңадан құрылған облыстар – Жетісу (5,3 мың субъект) және Ұлытау (2,4 мың субъект) болып табылады.



Сурет 4 - 2022 жылға ҚР өңірлері бөлінісінде креативті индустрия субъектілерінің саны. Ескерту [4] мәліметтер негізінде авторлармен құрастырылған.

2022 жылы креативті индустрияға жататын экономикалық қызметтің барлық түрлері бөлінісінде жиынтық салық түсімдері шамамен 100 млрд теңгені құрады. Қазіргі таңда Қазақстанда креативті экономиканың негізгі шоғырланған аймағы Алматы қаласы болып

табылады. Мұнда басқа ел аймақтарына қарағанда ең көп оқу орындары, мұражайлар мен театрлар орналасқан, шығармашылық салалардың ең ірі нарығы бар. Алматыда соңғы жылдары SmArt.Point және SIGS Space, ArtFuture, көп салалы «Трансформация» алаңы сияқты бірнеше ірі шығармашылық кеңістіктер ашылды. Алматыда Қазақстанның креативті секторының 45%-ы шоғырланған.

Егер біз Президенттің сөздерінен, атап айтқанда Қазақстан экономикасындағы креативті индустриялардың жай – күйіне нақты талдау жасасақ, онда: «< < > креативті индустрияның ЖІӨ-ге қосқан үлесі 1% - ға жетпейді, ал оның жұмыспен қамту құрылымындағы үлесі де өте төмен»[1]

Осыған сүйене отырып, бүгінгі таңда Қазақстанда креативті экономика тиісті дамымайды деген қорытынды жасауға болады, басқаша айтқанда, Үкімет Қазақстанның креативті индустрияларын дамытуға тиісті көңіл бөлуі қажет.

Алайда, егер Қазақстанның креативті индустрияларын дамыту проблемасына тиісті көзқарас туралы және тұтастай алғанда Үкіметтің ел экономикасының осы секторына қатынасы туралы айтатын болсақ, онда Үкімет тарапынан қабылданған бірнеше қадамдарды бөліп көрсетуге болады:

- 2021 жылдың соңында Қазақстанның креативті индустрияларын дамыту тұжырымдамасы әзірленіп бекітілді;
- 2022 жылдың соңында "Мәдениет туралы" Заңға және ҚР Кәсіпкерлік кодексіне креативті кәсіпкер ұғымын енгізу және креативті өнімдерді коммерцияландыру бөлігінде тиісті өзгерістер енгізілді;
- 2023 жылғы маусымда ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің (2023 жылғы қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі) деректері бойынша кино, анимация, қазіргі заманғы өнер, зергерлік іс, IT және геймдевелопмент, телевизиялық бағдарламалар, фотоөнер сияқты секторлардағы креативті индустрияларға жатқызылған ЭҚЖЖ қызметінің 43 түрінің тізбесі айқындалды;
- 2023 жылы қаржы және қаржылық емес құралдарды көздейтін креативті индустрияларды қолдау бойынша жеке корпоративтік қор құру бойынша жұмыс басталды;
- 2023 жылы Қазақстанның креативті индустрияларын дамыту жөніндегі Жол картасының жобасы әзірленді.[5]

Мемлекеттік органдардың креативті экономиканы дамыту мәселелеріне жеткіліксіз назар аударуы, ең алдымен, мемлекеттік аппараттың дәстүрлі «ауыртпалықтарымен», сондай-ақ оның «белгісіздік» жағдайында әрекет ету және жаңа экономиканың қажеттіліктеріне бейімделу қабілетінің төмендігімен түсіндіріледі. Өткен 2,5 жыл ішінде креативті саланы төртінші вице-премьер және бесінші министр басқарады. 2021 жылы Ұлттық экономика министрлігі креативті экономикамен айналысты, 2022 жылы бұл бағыт мәдениет және спорт министрлігіне берілді, ал жақында креативті индустрияларды жаңадан құрылған Мәдениет және ақпарат министрлігі басқарды.

Осы мәселерді шешумен Қазақстанда креативті экономиканы қалыптастырудағы бірінші қадам - мемлекеттік экономикалық саясаттың басымдықтарының бірі ретінде креативті сектордың дамуын анықтау. Салықтық преференциялар, гранттар мен субсидиялар, жеңілдікті несиелер мен венчурлық қаржыландыруды қоса алғанда, креативті индустрияларды мемлекеттік қолдаудың нақты тетіктері мен құралдарын көздейтін креативті экономика туралы жеке заңды және тиісті ұлттық жобаны жедел әзірлеу маңызды.

Ведомствоаралық мәселелерді жедел шешу үшін экономиканың толыққанды секторы ретінде креативті саланың тезірек қалыптасуын үйлестіру және қамтамасыз ету үшін Үкімет құрылымында осы салаға жауапты жеке вице-премьер позициясын құру орынды болып көрінеді. Шығармашылық экономиканың ұйымдастырушылық қалыптасу кезеңі аяқталғаннан кейін, екі жылдан кейін бұл ұстанымды жоюға болады.

Сондай-ақ Қазақстанды Орталық Еуразия елдері үшін креативті индустриялардың өңірлік хабы ретінде позициялау маңызды. Бізде аймақтағы шығармашылық мазмұнды өндіру

және тарату үшін ең жақсы жағдайлар жасалуы керек. Ол үшін, басқалармен қатар, Қазақстанға креативті экономиканың жетекші әлемдік ойыншыларын, ең алдымен Netflix, Spotify, Patreon және басқа да ірі цифрлық платформаларды тарту маңызды.

Білім беру мәселелеріне ерекше назар аудару қажет. Мұнда үш бағытта қозғалу керек. Біріншіден, халықаралық жоғары оқу орындарын тарта отырып, музыка және киноиндустрия үшін мамандандырылған оқу орындарын, сондай-ақ жаңа медиа және GameDev, оның ішінде Netflix Academy форматында халықаралық корпоративтік секторды ынталандыру жолымен ашуға болады. Екіншіден, қазақстандық креатившілердің шығармашылығын монетизациялаудың табысты тәжірибесін жинақтап, оны масштабтауды қамтамасыз ету. Үшіншіден, креативті экономиканың қажеттіліктері үшін креативті кәсіпкерлерді, сондай-ақ зияткерлік меншік мамандарын даярлауға жәрдемдесу маңызды.

Сонымен қатар, бүгінде мемлекет креативті экономиканың ең перспективалы индустрияларының бірі – кинематография индустриясына айтарлықтай қолдау көрсетуде. «Кинематография туралы» Заңға сәйкес кино қайраткерлеріне киножобалар мен анимациялық жобаларды өндіруге мемлекеттік қаржыландыруды алуға жыл сайынғы мүмкіндік беріледі.

Дегенмен, мәдениет және ақпарат министрлігінің мәліметінше, соңғы бес жылда мемлекет 103 жобаны қаржыландырған. Оның ішінде мамандар 98 фильмнің өндірісін аяқтады, оның тек 2 жоба ғана табысты болған. Сонымен қатар бүгінде бұндай қолдау шаралары жеткіліксіз, өйткені қазіргі уақытта мемлекеттік жоспарлау жүйесінде Қазақстанның креативті экономикасын дамытудың барынша тиімді тетіктерін әзірлеу үшін креативті индустрияларды қолдаудың қажетті құралдарының айтарлықтай жетіспеушілігі бар.

2010-2020 жылдар аралығында креативті индустрияларды бюджеттік қаржыландыру көлемі 18,2 млрд теңгені құрады. Бұған қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және кредиттерге кепілдік беру кіреді. Ал 2010-2020 жылдар аралығында мемлекеттік қолдаудың 97% — ға жуығы төрт сегментке тиесілі болды-өнер, білім, кино және теледидар, баспа ісі және журналистика. Қалған сегіз сегмент 3% - дан сәл асты. Осы орайда Big data, it, аударма, сәулет, маркетинг және коммуникациялар мемлекеттік қолдауды аз пайдаланады, дегенмен олар жоғары қарқынмен өсіп, бюджетке үлкен табыс әкелді. Біз бұдан мемлекеттік қаржылардың дұрыс бағытталмағанын көруімізге болады және жалпы қосылған құн бойынша экономикаға қосқан үлесіне қатысты креативті кәсіпорындар мемлекеттен басқа салалардағы ШОБ кәсіпорындарына қарағанда 5 есе аз қаржылық қолдау алды (алшақтық біртіндеп азаяды). Салыстыру үшін, дамыған креативті экономикасы бар елдерде креативті индустрияларды қолдауға Қазақстанға қарағанда ЖІӨ-ге қарағанда орта есеппен 19 есе көп қаражат жұмсалады.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы креативті индустриялардың экономикалық әлеуеті өте жоғары. Олар жоғары өнімділік пен кірісті көрсетеді, жұмыс берушілер ретінде тартымды. Қазақстанның креативті индустрияларының тауарлары мен қызметтері шетелде жоғары сұранысқа ие болуы мүмкін. Бірақ шығармашылық салалардың дамуын негізгі екі факторды тежейді. Біріншісі-олардың Қазақстандағы мемлекеттік қолдауы бүгінде жеткіліксіз. Екіншісі - қолданыстағы қолдау жоғары экономикалық әсер етуі мүмкін бағыттарды айналып өтеді. Дамыған креативті индустриялары бар елдерде (Австралия, Ұлыбритания, Германия, Испания, Канада, Қытай, Оңтүстік Корея, АҚШ, Франция және т.б.) ең көп таралған қолдау шарасы қаржылық емес құралдар — Кадрлық қолдау, кеңес беру және өнімді жылжыту болып табылады. Олар барлық шаралардың 75% құрайды. Қаржылық қолдау негізінен гранттар мен жеңілдікті несиелеу арқылы көрсетіледі. Қазақстанда қаржылық емес қолдау барлық қолданылатын құралдардың тек 55% - ы құрайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Akorda.kz Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. URL:
2. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333#>

3. Флорида, Р. Креативный класс: люди, которые меняют будущее / Р.Флорида. – М.: Классика XXI в., 2005. – 421 с.
4. [Электрондық ресурс] URL: <https://liter.kz/pochemu-v-kazakhstane-ne-razvita-kreativnaia-industriia-i-kak-eto-ispravit-1695358215/>
5. Ұлттық статистика бюросы сайты. URL: <https://stat.gov.kz/>
6. [Электрондық ресурс] URL: https://inbusiness.kz/ru/author_news/neobhodimye-usloviya-dlya-masshtabnogo-razvitiya-kreativnoj-ekonomiki

UTC 338.47

MANAGEMENT OF THE DEVELOPMENT OF HIGH-SPEED RAIL TRANSPORT IN KAZAKHSTAN

Sartay Kuanysh

ksartay2000@gmail.com

1st year of Master degree in “Management” student of ENU named after L.N.Gumilev,
Astana, Kazakhstan
Supervisor - Khassenova K.K.

Fast pace of live in modern society needs technologically developed means of transportation between different cities and regions of countries. Air travelling opened many horizons for majority of people, allowing them to travel between various parts of the world in just hours. However, beginning from the second part of XX century, other mean of transportation, railway transport began to lose its passengers and became less competitive compared to air transportation and automobile transportation, due to low speed and inconvenience. The role of railway transportation in transporting of goods is enormous, however, the possibility of carrying passengers is become higher by implementation of different innovations and modern technologies. The best example of the introduction of modern technologies is high-speed railways. High-speed railways are very necessary for Kazakhstan, as they will allow passengers to be quickly transported between regions, which will spur even greater economic development of the country.

However, before discussing of prospects for the development of high-speed railways, it is worth delving into the history of the emergence of railway transportation. The world's first public steam railway was built in England by George Stephenson in 1825, between Stockton and Darlington, and was 40 kilometers (26 miles) long. The first railway between relatively large cities was opened in 1830 and connected the industrial center of Manchester with the port city of Liverpool (56 km). The line also used Stephenson steam locomotives[1]. By 1840, the length of railways in Great Britain was 2,390 km[2]. The first railway of continental Europe was built in Belgium between Mechelen and Brussels according to the design of engineers Pierre Simons and Gustave De Ridder. It opened on May 6, 1835[3]. The first public road with passenger traffic in the United States opened in 1830 in Maryland (Baltimore and Ohio Railroad)[4]. The first railway in the Russian Empire was built in 1837, connecting the capital, St. Petersburg, with Tsarskoye Selo. Then, in 1848, the Warsaw-Vienna Railway was built, after which, by 1851, the railway connected St. Petersburg and Moscow, the two largest cities in Russia[5][6]. As for the development of railway transport in Kazakhstan, the opening of the first railway on the territory of Kazakhstan took place on October 25, 1894 - after the completion of the construction of the narrow-gauge line Pokrovskaya Sloboda - Uralsk, 130 km of this railway passed through the territory of present-day Kazakhstan. An epochal event was the construction of the 1,444 km long Turkestan-Siberian Railway, which continued in 1927–1930. It connected Kazakhstan with Siberia and contributed to the intensification of the economic development of the republic and the development of many desert lands. At the moment, Kazakhstan has an extensive network of railways with a total length of about 15 thousand km, 6 thousand of which are double-track and about 5 thousand are electrified. The total length of the main tracks is 18.8 thousand km, station and special tracks are 6.7 thousand km. The importance of railway transport in Kazakhstan is very great. More than 68% of the country's total freight turnover and over 57% of